КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 7 қыркүйек № 7119-23-00-2/9565 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:

«ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«KHAMZE Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін, «KHAMZE Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 07.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Искалиева А. С., 19.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «KHAMZE Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 184 401 (бір жүз сексен төрт мың төрт жүз бір) теңге тұрақсыздық айыбы және 5532 (бес мың бес жүз отыз екі) теңге мемлекеттік баж төленген сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер «KHAMZE Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 44 000 (қырық төрт мың) теңге тұрақсыздық айыбы және 1320 (бір мың үш жүз жиырма) теңге мемлекеттік баж төленген сот шығыны өндірілсін.

Жауапкерлер «ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен, «KHAMZE Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тең үлесте әрқайсынан 862 (сегіз жүз алпыс екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 07.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Искалиева А. С., 19.10.2023